ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстардың орындалуы жайында өткізілген жиналысының ХАТТАМАСЫ №5

Ленгер қаласы 19 тамыз 2024 жыл.

Төрағасы: Ғ.К.Кабылбеков - Басшының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары.
Хатшылықта: Досболова Анар Өмірзаққызы – мамандар бөлімінің инспекторы.

Қатысқан қызметкерлер саны: 25 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қортындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

Төрағалық етуші Ғ.К.Кабылбеков жиналысты ашып, 05 шілде 2024 жыл ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындысына сәйкес, анықталған кемшіліктер: еңбек шартын бұзу жөніндегі бұйрықтарды Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнамалық талаптарына сәйкес рәсімделмеген, мекеменің бұйрықтарындағы негіздемелері нақты қойылмаған, мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын жүргізілмеген және мекемеде зейнетке шыққан қызметкерлермен енбек шарты талапқа сәйкес бұзылмаған.

Сондай-ақ, емхананың бұйрықтарын жазған кезде негіздемелерді нақтылап жазу қажет. Қызметтік хаттарда көрсетілген негіздемелердің толықтығына көңіл аударып, жетіспейтін мәліметтерді сұратып толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет. Емхананың барлық қызметкерлері өздеріне қатысты шығарылған бұйрықтармен дер кезінде танысып, оны растау үшін қолдарын қойғызу жұмыстарын қадағалануы керек.

Персоналды басқару бойынша жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезіндегі бұйрықтардан анықталған кемшіліктер; Жұмысшыларды қабылдау кезінде қабылданған адамның жолдамасы бұйрықта көрсетілмеген сонымен қатар еңбек шартын бұзу кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 49 бабының тармақшалары дұрыс көрсетілмеген.

Жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдану кезінде тәртіптік жаза атауы дұрыс қойылмаған және бір тәртіптік жаза бірнеше жұмысшыға бір бұйрықпен шығарылған.

Жиналыс соңында жиынға қатысушылар айтылған кемшіліктерді жойып, құжаттаманы рәсімдеу кезінде мамандардың мұқият болу қажеттігі жөнінде айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктердің алдағы уақытта қайталанбау мақсатындағы шаралар қабылдансын.

2. Мекеме бұйрықтарының негіздемелері толық болуын қадағалау, жұмысшыларды қабылдау кезінде қабылданған адамның жолдамасын бұйрықта көрсетілуін сонымен қатар еңбек шартын бұзу кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 49 бабының тармақшаларын дұрыс көрсету. Жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдану кезінде тәртіптік жаза атауын дұрыс қою және әр тәртіптік жаза жұмысшыға бөлек бұйрықпен шығарылсын, мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын жүргізуді кадағалау, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында жұмыс орнында сабақтар өткізу кадр бөлімінің инспекторы А.Ө.Досболоваға жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарын сақталуына тұрақты түрде бақылау, қызметкерлерге аталған Заң бойынша тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру заңгер А.О.Суттибаевқа тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы: **Ғ.К.Кабылбеков**

Хатшы: **А.Ө.Досболова**